



**Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім
бөлімінің Атбасар қаласының № 8 жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
«Біртұтас тәрбие – Адал азамат» бағдарламасы
тәрбие жұмысы бойынша
2025-2026 оқу жылының
І жартыжылдығы бойынша аналитикалық есебі**

Кіріспе

Қазіргі қоғам жағдайында білім беру ұйымдарының алдында тұрған басты міндеттердің бірі – тек білімді ғана емес, сонымен қатар **адал, жауапты, отансүйгіш, құқықтық мәдениеті жоғары тұлға** қалыптастыру болып табылады. Осы мақсатта Қазақстан Республикасында енгізілген **«Біртұтас тәрбие – Адал азамат» бағдарламасы** оқушылардың тұлғалық дамуын жүйелі түрде қамтамасыз ететін маңызды құжат ретінде жүзеге асырылуда.

Бағдарламаның негізгі өзегі – оқушылардың бойына **адалдық, әділдік, еңбекқорлық, жауапкершілік, ұлттық сана, азаматтық белсенділік** сияқты базалық құндылықтарды сіңіру. Бұл құндылықтар оқушының күнделікті мінез-құлқында, оқу әрекетінде, сынып және мектеп өміріне қатысуында нақты көрініс табуы тиіс.

2025–2026 оқу жылының 1 жартыжылдығында тәрбие жұмысы аталған бағдарлама аясында мектептің жылдық тәрбие жоспарына сәйкес **жүйелі, мақсатты және сабақтастық қағидатына негізделе отырып** жүргізілді. Тәрбие іс-шаралары формалды сипатта емес, оқушылардың жас ерекшеліктері мен әлеуметтік ортасын ескере отырып ұйымдастырылды.

Жүргізілген жұмыстардың мазмұны оқушы тұлғасын жан-жақты дамытуға, оның **азаматтық ұстанымын қалыптастыруға**, қоғамда өз орнын таба алатын, ел болашағына жауапкершілікпен қарайтын **адал азамат** тәрбиелеуге бағытталды.

Тәрбие жұмысының мақсаты

«Адал азамат» құндылықтары негізінде оқушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық және құқықтық мәдениетін қалыптастыру, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары, саналы тұлға тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысының міндеттері

- Оқушылардың бойында адалдық, әділдік, жауапкершілік және шыншылдық қасиеттерін жүйелі түрде қалыптастыру;
- Ұлттық сана-сезімді, отансүйгіштік пен азаматтық жауапкершілікті дамыту;
- Құқықтық мәдениет пен тәртіптілікке тәрбиелеу, құқық бұзушылықтың алдын алу;
- Еңбекке баулу арқылы оқушылардың әлеуметтік жауапкершілігін арттыру;
- Салауатты өмір салтын ұстануға бағыттау, денсаулық мәдениетін қалыптастыру;
- Ата-анамен бірлескен тәрбиелік жұмысты күшейту, мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Негізгі құндылықтар бойынша атқарылған жұмыстардың талдауы

1. Адалдық пен әділдік құндылығы

Мақсаты:

Оқушылардың бойында шыншылдықты, әділ шешім қабылдай білуді, өз әрекетіне жауапкершілікпен қарау дағдыларын қалыптастыру.

Іс-шаралар:

- «Адалдық – адамдықтың айнасы» тақырыбында тәрбие сағаты;
- «Адал еңбек – табыс кепілі» тақырыбында пікірталас сабақ;

- Күнделікті оқу процесінде академиялық адалдық, тәртіп және жауапкершілік мәселелерін түсіндіру жұмыстары.

Талдау:

Аталған іс-шаралар нәтижесінде оқушылар өз әрекеттеріне сыни көзқараспен қарап, шындықты айту, өз қателігін мойындау дағдыларын меңгере бастады. Сыныпта адалдыққа негізделген қарым-қатынас қалыптасып, өзара сенім деңгейі артты.

II. Отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік

Мақсаты:

Оқушылардың туған елге, жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру.

Іс-шаралар:

- «Мен – елімнің адал азаматымын» тақырыбында сынып сағаты;
- Мемлекеттік рәміздерге арналған танымдық жұмыстар;
- Ұлттық мерекелерге байланысты тәрбиелік және мәдени іс-шаралар.

Талдау:

Оқушылардың қоғамдық және мектепішілік іс-шараларға қатысу белсенділігі артты. Мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, ел тарихын тану арқылы азаматтық жауапкершілік сезімі қалыптаса бастады.

III. Құқықтық мәдениет және тәртіп

Мақсаты:

Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңға құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Іс-шаралар:

- «Құқық пен міндет – адал азамат негізі» тақырыбында тәрбиелік әңгіме;
- Мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары;
- Оқушылардың тәртіп мәдениетін қалыптастыруға бағытталған күнделікті бақылау.

Талдау:

1 жартыжылдық қорытындысы бойынша сыныпта тәртіп тұрақты сақталды, құқық бұзушылық жағдайлары тіркелмеді. Оқушылар өз құқықтары мен міндеттерін түсініп, жауапкершілікпен әрекет етуге бейімделді.

IV. Еңбекқорлық және әлеуметтік жауапкершілік

Мақсаты:

Оқушыларды еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа және қоғамдық іске жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Іс-шаралар:

- «Еңбек – елдің мұраты» тақырыбында тәрбие сағаты;
- Сынып бөлмесі мен мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары;
- Қоғамдық пайдалы еңбекке қатысу.

Талдау:

Оқушылардың еңбекке деген оң көзқарасы қалыптасты, ұжымдық жұмыс барысында өзара көмектесу және жауапкершілік дағдылары дамыды.

V. Салауатты өмір салты – адал азамат негізі

Мақсаты:

Оқушылардың денсаулығын сақтау, зиянды әдеттердің алдын алу.

Іс-шаралар:

- «Денсаулық – адал азаматтың байлығы» тақырыбында тәрбиелік әңгіме;
- Спорттық жарыстар мен дене шынықтыру іс-шаралары;
- Зиянды әдеттердің алдын алу бағытындағы түсіндіру жұмыстары.

Талдау:

Оқушылардың спортқа қызығушылығы артып, салауатты өмір салтын ұстануға деген ынтасы күшейді. Денсаулыққа жауапкершілікпен қарау дағдылары қалыптасты.

VI. Ата-анамен бірлескен жұмыс

Мақсаты:

Отбасы мен мектеп арасындағы серіктестікті нығайту.

Іс-шаралар:

- «Адал азамат тәрбиелеудегі отбасының рөлі» тақырыбында ата-аналар жиналысы;
- Жеке кеңестер мен сұхбаттар;
- Үнемі кері байланыс орнату.

Талдау:

Ата-аналардың тәрбие үдерісіне қатысу белсенділігі артты. Мектеп пен отбасының бірлескен жауапкершілігі нығайды.

1. Биыл мектебімізде 2025-2026 жаңа оқу жылының басталуына арналған салтанатты жиын «Мектебім – мейірім мекені» тақырыбында өтті. Жиынның ресми басталуына дейін дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Әуезов Қ. С. оқушыларға арналған сергіту жаттығуларын жүргізді. Салтанатты жиынға арнайы қонақтар қатысып, оқушылар мен ұстаздарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Олардың қатарында «AMANAT» партиясының өкілі Жакишева Н. А., білім бөлімінің әдіскері Жайлаубаева Д. К. болды. Сондай-ақ, ішкі істер органдарының өкілдері Ундубаев Б. М. және Кубашев А. Б. оқушыларға жолда жүру ережелері, алаяқтардан сақтану және қоғамдық орындарда қауіпсіз мінез-құлық сақтау туралы маңызды кеңестер берді. Мерекелік жиында мектеп оқушылары ән шырқап, өнерлерін көрсетті. Әсіресе, 1-сыныпқа алғаш қадам басқан бүлдіршіндердің тақпақтары көпшіліктің көңілінен шықты. Жаңа 2025–2026 оқу жылы барлық оқушылар мен ұстаздарға табысты, жарқын жетістіктерге толы болсын деп тілейміз!

https://www.instagram.com/p/DODIYeJiKSB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

2. 2025 жылдың 1 қыркүйек күні 7 «А» сынып оқушыларымен “Мектебім – мейірім мекені” тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға мектептің адам өміріндегі маңызын түсіндіру, білім ордасына деген құрмет пен сүйіспеншілікті арттыру. Мектепті – мейірімге, тәрбие мен білімге толы қасиетті мекен ретінде тануға баулу, оқушылардың бойында жауапкершілік пен

ұйымшылдық қасиеттерін қалыптастыру. Шара барысында оқушылар мектеп жайлы ой-пікірлерімен бөлісіп, ұстаздарға алғыстарын білдірді. Сынып сағаты жылы әрі әсерлі атмосферада өтті. Бұл іс-шара оқушылардың мектепке деген сүйіспеншілігін нығайтып, ұжымдық бірлікті арттырды.

https://www.instagram.com/p/DODqChpiPFu/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

3. Мектебіміздің Тилеген Алтынай жетекшілік ететін 3 сынып оқушылары жоспарға сай

«Жазғы демалыстың жарқын естеліктері» тақырыбында видео жолдауын жасады.

https://www.instagram.com/p/DOD6VZ4CGwr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

4. 2 қыркүйек күні 10 «А» сыныбында «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында сынып сағаты өтті.

Сынып сағатының мақсаты – оқушылардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу, ел тарихы мен құндылықтарына қызығушылықтарын дамыту, сондай-ақ болашаққа деген жауапкершілігін қалыптастыру. Оқушылар Отан туралы өз ойларымен бөлісіп, Қазақстанның жетістіктері мен болашағына қатысты пікірлерін білдірді. Сабақтың соңында «Отан – ортақ үйіміз, Қазақстан – біздің мақтанышымыз» деген тұжырым жасалды.

https://www.instagram.com/p/DOFjwoMiJCX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

5. 5 қыркүйек күні аудандық білім бөлімінің жоспарына сәйкес мектебімізде

Тілдер онкүндігінің салтанатты ашылуы өтті. Іс-шара барысында мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Хамза Зоя құттықтау сөз сөйлеп, тіл мерекесінің мән-маңызына тоқталды.

Жүргізушілер онкүндіктің мазмұнды жоспарын таныстырып, оқушыларға рухани серпін бергендей болды. Танымдық сұрақтар қойылып, шәкірттеріміз қазақ ақындарының жауһар жырларын нақышына келтіре орындап, көрерменге ерекше әсер сыйлады. Алдағы күндері де онкүндік аясында мазмұнды іс-шаралар жалғасын табатын болады. ӘБ жетекшісі: И.Қазымбек.

https://www.instagram.com/reel/DON5D7LCFvn/?utm_source=ig_web_copy_1&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

6. 9 сынып оқушыларымен сынып сағаты тақырыбы «Отбасы — бақыт мекені»
Мақсаты: Оқушыларға отбасының адам өміріндегі маңызын түсіндіру;
Отбасындағы сыйластық, мейірімділік, камқорлық құндылықтарын дәріптеу;
Өз отбасына деген мақтаныш сезімін ояту.

Қауіпсіздік сабағы (10 минут) жолда жүру ережесін сақтау.

https://www.instagram.com/p/DOVZ00liNJz/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

7. 10 «А» сыныбында қауіпсіздік сағаты өтті.

"Бала құқығы – болашағымыздың кепілі"

"Жолда жүру ережелері – қауіпсіздігіміздің негізі"

Оқушылар өз ойларын ортаға салып, құқықтары мен міндеттері туралы талқылады, жолдағы қауіпсіздік ережелерін қайталады.

https://www.instagram.com/p/DOVZ4y9CP1D/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

8. Қыркүйектің 8-і күні 6 “А” сыныбында “Ана - отбасының шамшырағы” тақырыбына сынып сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты: оқушыларды Ананың еңбегін ақтауға, анаға деген сүйіспеншілікке, ананы құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/p/DOVcvaeiBwN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

9. 08.09 күні 3”А” сыныбында Отбасы күні жоспарына сай “Отбасылық дәстүрлер, тарихты сақтау, болашақты құру” тақырыбында сынып сағаты өтті. Мақсаты: Отбасында бір-бірін сыйлау және үлкенді сыйлауға, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсету, отбасы құндылықтарын дәріптей білуге үйрету. Сонымен қатар, Қауіпсіздік сабағы - “Жолда жүру ережесі” тақырыбында өтті

https://www.instagram.com/p/DOWjIYDCBlu/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

10. “Менің мемлекетім – менің мақтанышым!”

Тілдер күніне орай 10 «А» сынып оқушылары челленджді қабылдады.

Мақсатымыз – мемлекеттік тілді құрметтеп, ана тіліміздің мәртебесін көтеру, достық пен бірлікті дәріптеу.

Біз ана тілімізді мақтан етеміз!

Челленджді келесі достарымызға жолдаймыз!

https://www.instagram.com/reel/DOWDq9uiClq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

11. Бүгін мектебімізде бастауыш сыныптарда балалар таңғы жаттығулар жасады.

Мақсаты: 1. Таңертеңгі жаттығулардың маңыздылығын білу. Таңғы жаттығуға уақыт арнаса, уақыт үнемдейтінін ұғыну. Таңертеңгі жаттығуларды жасауға дағдылану. Салауатты өмір салтына тәрбиелеу

https://www.instagram.com/reel/DOXxnpqCJbr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

12. “Мықты отбасы – мықты мемлекеттің кепілі” челленджінің мақсаты:

- Оқушыларды отбасы құндылықтарын қадірлеуге, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеу;

- Отбасы бірлігінің қоғамдағы маңызын түсіндіру;

- Жас ұрпаққа отбасындағы татулық пен сүйіспеншіліктің мықты мемлекеттің іргетасы екенін ұғындыру;

Рухани-адамгершілік құндылықтарды дәріптеу, оқушылардың бойында

жауапкершілік пен сыйластық сезімін қалыптастыру. 6 “А” сынып. Сынып жетекшісі: Немеренко З.Б.

https://www.instagram.com/reel/DOZJlIEiErC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

13. 10-қыркүйек ТІЛДЕР ОНКҮНДІГІНІҢ жоспарына сәйкес, “Тіл-достықтың кілті” тақырыбында 8,10,11 сынып оқушылары арасында эссе байқауы болып өтті. Жауапты: қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі И.Қ.Қазымбек.

https://www.instagram.com/p/DOBL1D6iIrO/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

14. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елімізде «Келешек мектептері» ұлттық жобасы қарқынды жүзеге асырылып жатыр. Мектептерде балалардың қабілетін дамытуға арналған түрлі үйірмелер жұмыс істейді: дебат, вокал, домбыра, дейбұйы, баскетбол, би, футбол, волейбол, робототехника, қолөнер және т.б.

https://www.instagram.com/p/DOdBerqCB8D/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

15. 2025 жылғы 11 қыркүйекте мектеп кітапханасында жоғары сынып оқушылары 10-11 сыныптар арасында қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Қазымбек И.К. жетекшілігінде «Тіл және мәдениет» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шараның мақсаты - ата-аналық тілдің байлығын, мәдениетін, мәселелерін түсіну. Іс-шараның соңында командалар 11 сынып «Қыран» және 10 сынып «Ұлы Алаш» мадақталармен марапатталды. Шараға «Тіл және мәдениет» тақырыбында көрме ұйымдастырылды

https://www.instagram.com/p/DOdV5dnCIEN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

16. Бүгін 1 «А» сыныбында «Балаңыз оқушы атанды» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында оқушылардың мектеп өміріне бейімделуі, сабақ кестесі, тәртіп ережелері мен ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлі талқыланды. Сонымен қатар алдағы оқу-тәрбие жұмыстары жоспарланып, ата-аналар мен мектептің бірлескен ынтымақтастығының маңызы атап өтілді. Сынып жетекшісі: Амренова К.К.

https://www.instagram.com/p/DOdzQ8qiHHn/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

17. Қыркүйегінің 11-і күні 6"А" сыныбында ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде қауіпсіздік ережелері, мектеп формасы, 2025-2026 оқу жылының "Адал азамат" тәрбие бағдарласымен таныстырды. Сынып жетекшісі Немеренко З.Б.

https://www.instagram.com/p/DOf0SiPiNB0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

18. 0"Ә" сыныбында. "Түстер әлемі" тақырыбы бойынша ойын ұйымдастырылды. Мақсаты: Балалардың негізі түстерді тануы мен ажырату қабілетін қалыптастыру, зейінін дамыту. Сынып тәрбиешісі: Зейнуллина Ляззат Жарлыковна.

https://www.instagram.com/reel/DOgl1ICGk3/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

19. 9 сынып сынып сағаты Сабақтың тақырыбы: «Нашақорлық - ғасыр дерті»
Сабақтың мақсаты: Оқушыларға әлемді алаңдатып отырған нашақорлық, СПИД, арақ, темекі сияқты зиянды әрекеттердің белең алып бара жатқандығын ескерте отырып, оны болдырмаудың алдын – алуға тәрбиелеу. Оларды жаман әдеттерден сақтандыру. Оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту және тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан-жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру. Сынып жетекшісі Шахметова Балерке

https://www.instagram.com/p/DOm_ae_CBGN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

20. 15-қыркүйек күні 5 «А» сыныбында

«Егер буллингтің куәгері болсаңыз, қалай көмектесесіз?» тақырыбында сынып сағаты өтті.

- Оқушылар пікірлерін ортаға салып, бір-біріне қолдау көрсетудің маңыздылығын түсінді.

- Қорытынды: мектеп – барлығымыз үшін қауіпсіз орта болуы тиіс.

https://www.instagram.com/p/DOny5y9iC6Q/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

21. 2025 ж. 15 қыркүйек күні 6 «А» сыныбында «Адал Азамат» тәрбие

бағдарламасының жоспарына сай сынып сағаты және қауіпсіздік сабағы өткізілді.

Сынып жетекшісі: Немеренко З.Б.

https://www.instagram.com/p/DOny8G1CD1C/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

22. 2025 жылдың 15 қыркүйегі күні 3 «А» сыныбында «Зиянды әрекеттерден аулақ бол» “Дос бол like” тақырыбында сынып сағаты өтті.

Мақсаты: Оқушыларға зиянды әрекеттердің (дұрыс емес әдеттердің) денсаулыққа, оқу үлгеріміне және мінез-құлыққа тигізетін кері әсерін түсіндіру; салауатты өмір салтын ұстануға, дұрыс мінез-құлық қалыптастыруға, өзін-өзі және өзгені құрметтеуге тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/p/DOn_TYPCCq5/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

23. 15.09.2025 ж. ДДҮ тұжырымдамасы: Жобаны іске асыру бойынша жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру» үшін директордың тәрбие жөніндегі орынбасары А. Искакова «Денсаулықты нығайту мектептері» тақырыбы бойынша ZOOM - платформа арқылы семинарға қатысты

https://www.instagram.com/p/DOoscn3iJs4/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

24. Еңбек күні мерекесі аясында мектебіміздің 10 А сынып оқушылары, мектеп белсенділері журналист рөлінде өздерін сынап көрді. Еңбек күніне арналған бұл бейнероликте мектебіміздің көп жыл істеген ұстаздарымен У. Кемерова және С. Асанбаевпен сұхбат ұйымдастырды. Сұхбат барысында мұғалімдердің еңбек жолы мен өмірлік тәжірибесі жайлы тың ақпараттармен танысып, оқушылар журналист рөлінде баға жетпес тәжірибе жинады. Бұл жобаның мақсаты – еңбек адамына деген құрметті арттыру және оқушыларды болашақ мамандыққа бейімдеу.

https://www.instagram.com/reel/DOrQRwsiBQb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

25. 17.09 күні 3 «А» сынып оқушылары мамандықпен танысу мақсатында

наубайханаға саяхат жасады. Мақсаты: Оқушылардың мамандықтар туралы

түсінігін кеңейту, наубайшы еңбегінің маңыздылығын таныту, еңбек адамын құрметтеуге тәрбиелеу. Балалар наубайшының күнделікті еңбегімен танысып,

нанның қалай дайындалатынын өз көздерімен көрді. Наубайханадағы түрлі

құрылғылардың жұмысын бақылап, ұннан бастап дайын нанға дейінгі процесті

қызығушылықпен тамашалады. Наубайшылардың ерте тұрып, халыққа пайдалы еңбек ететіні туралы мәлімет алды. Оқушыларға жаңа піскен нанның иісі ерекше ұнады. Саяхат соңында олар мамандық иелерінің еңбегін бағалау керектігін түсінді.

https://www.instagram.com/p/DOtnNqzDGUq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

26. Қыркүйегінің 18-і күні “Атбасар 180” жылдығына орай 6 “А” сыныбы “Таза қала” экологиялық акцияға қатысты.

https://www.instagram.com/reel/DOvZsA8DMLd/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

27. Атбасар вокзалының өкілдері ЛОП, ВЖДО, ПҚ-20, Ш-17, ЕЦ-10, ТД-20 бірлесе отырып, 8-ші орта мектептің оқушылары арасында «Темір жол – қауіпті аймақ» тақырыбында және теміржол жолдарын кесіп өту ережелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

https://www.instagram.com/p/DOvymK_jBu/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

28. 18.09.2025ж 6»Ә» сыныбы мектепішілік бейсенбілікке шықты. Таза Қазақстанға, Атбасар қаласының 180жылдығына, қаламыздың таза болуына үлесімізді қостық.

https://www.instagram.com/p/DOwKHHmCK3h/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

29. 19 қыркүйек күні “Сөз додасы” пікір-сайыс клубының отырысы өтті. “Атбасар қаласының 180 жылдығына” орай қатысушылар қаламыздың мәселелерді талқындады. Жетекшісі:Немеренко З.Б

https://www.instagram.com/p/DOxxcbKiMBg/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

30. 2025 жылдың 19 қыркүйек күні "Өркен" ҰБТҰО-нің жоспары сәйкес "№8 жалпы орта білім беретін мектеп" КММ- нің оқушылары "Біз БУЛЛИНГКЕ қарсымыз" атты флешмопқа белсене қатысты. Іс-шараның мақсаты — мектептегі оқушылар арасында достық қарым-қатынас орнатып, буллингтің (қорлау, мазақтау, шеттету) алдын алу және оған қарсы тұру мәдениетін қалыптастыру.Бұл бастама балалардың өзара сыйластыққа, бірін-бірі қолдауға және зорлық-зомбылықсыз орта құруға деген ниеттерін көрсетті.

https://www.instagram.com/reel/DOxxnDNCD8N/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

31. 2025 жылдың 19 қыркүйек күні мектебімізде жаңа оқу жылының басында дәстүрлі түрде өткізілетін жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өтті. Жиынның мақсаты – "Адал азамат" бірыңғай тәрбие бағдарламасы аясында жүргізілетін жұмысты таныстыру, мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты арттыру, оқушылардың тәрбиесі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы бірлескен шараларды жүйелеу болды.

- ✓ "АДАЛ АЗАМАТ" – бірыңғай тәрбие бағдарламасының мақсаты мен міндеттері.

-Мектептің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Исакова А бағдарлама аясында жүргізілетін жұмыстармен таныстырды:

- Мектеп формасына қойылатын бірыңғай талаптар және спорттық киім тәртібі;
- Сабаққа келу тәртібі, оқушының жауапкершілігі мен тәртібі;
- Жеке тұлға тәрбиелеуде ата-ананың белсенді рөлі;
- Мектепішілік тәрбие жүйесін үйлестіру.

- ✓ Мектеп пен ата-ананың тәрбие жұмысындағы бірлігі

Бұл бөлімде бірнеше маңызды баяндамалар жасалды:

Интернеттегі қауіпсіздік , буллинг, кибербуллинг, лудомания туралы ДТЖО Исакова А. баяндады.

Атбасар қаласының ішкі істер бөлімі полиция майоры Ундубаев Б. құқық бұзушылықтың алдын алу, буллинг пен төтенше жағдайлардың қаупі, оқушылардың құқықтық сауаттылығы жайлы жан-жақты ақпарат берді. Мектеп медбикесі Шингисовна Г. медициналық қамтамасыз ету, гигиена ережелері, маусымдық аурулардың алдын алу, алғашқы көмек көрсету мәселелерін түсіндіріп өтті.

Жол-көлік ережелерін сақтау, ата-аналар тарапынан балаларды мектепке алып келу және алып кету тәртібі де арнайы сөз болды.

- ✓ "Сыныптағы жағымды ахуал – қолайлы орта мен тұлға дамуының негізі" 9А сынып жетекшісі Шахметова Б. білім беру үдерісінде психологиялық ахуалдың маңыздылығына тоқталды:

Сынып ішінде сенімді, достық қарым-қатынас қалыптастыру;

Мұғалім-оқушы-ата-ана арасындағы жылы байланыс;

- ✓ "Ата-аналар қауымдастығы – саналы тәрбие мен ортақ бастамалар"

3А, 7А, 11А сыныптарының ата-анасы Жаксыбаев Аслан Қошқарбайұлы ата-аналар қауымдастығының тәрбиелік ықпалы, мектеп іс-шараларына қатысу және ортақ жауапкершілік туралы өз ойын ортаға салды.

Ата-аналар комитетінің төрайымы Наукеева С және оның орынбасары Исенова Н алдағы жоспарларымен бөлісіп, ата-аналар белсенділігін арттыру қажеттігін атап өтті.

https://www.instagram.com/p/DOz_ECRiDX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

32. 22-қыркүйек күні 5-А сыныбында "Ақпараттық ортадағы қауіпсіздік" тақырыбында қауіпсіздік сабағы өткізілді. Сабақтың мақсаты: Оқушыларға ақпараттық ортада (интернетте, әлеуметтік желілерде, мобильді қосымшаларда) қауіпсіздік ережелерін үйрету, жеке деректерді қорғаудың маңызын түсіндіру және қауіпті жағдайларды тану мен олардан сақтану дағдыларын қалыптастыру.

Сынып жетекшісі: Батаузова А.

https://www.instagram.com/p/DO5GK6tClxg/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

33. Бүгін Zoom платформасы арқылы 10 «А» сынып ата-аналарының жиналысы өткізілді. Жиналыстың басты тақырыбы – ақпараттық ортадағы қауіпсіздік мәселесі болды.

Мақсаты – ата-аналарды балалардың интернетті тиімді және қауіпсіз пайдалануына бағыттау, киберқауіпсіздік ережелерімен таныстыру, жеке деректерді қорғаудың маңызын түсіндіру.

Осындай шаралар ата-аналар мен мектеп арасындағы бірлескен жұмысты нығайтып, оқушыларымыздың қауіпсіздігі мен саналы тәрбиесіне ықпал етеді.

Сынып жетекшісі: Сасаева А.Ф

https://www.instagram.com/p/DO6K4lsCMPO/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

34. Бүгін 2ә сыныбында “Абайлаңыздар, алаяқтар” атты сынып сағаты өтті.

Балаларға бөтен адамдармен сөйлеспеу керек екені, келген sms-ты ешкімге айтпау туралы айтылды.

https://www.instagram.com/p/DO7dnkziAKv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

35. 23 қыркүйек 2025 жыл Мектеп Президентіне үміткерлердің жоба қорғау кезеңі сәтті өтті.

Барлық үміткерлер өз идеяларын жоғары деңгейде қорғап, белсенділік танытты. Тыңдаушыларға жобалар ұнап, жылы қабылданды. Әр үміткерді сыныптастары мен достары қолдап, үлкен қолдау көрсетті.

Сайлау комиссиясының құрамына:

- Тәрбие ісінің меңгерушісі – Искакова А.А.
- Әлеуметтік педагог – Таженова Ж.Т.
- Мектеп психологы – Мулдахметова Г.Н. енді.

https://www.instagram.com/p/DO-azhFiO-c/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

36. 10 “А” сыныбы – кітаптар әлемінде

Оқуға құштар мектеп жобасының аясында 10 “А” сынып оқушылары қаламыздағы Ілияс Есенберлин атындағы кітапханаға барып қайтты.

Сапар барысында оқушылар:

- Кітапхана қорының байлығымен танысты;
- Қазақ әдебиетінің ірі тұлғасы І.Есенберлиннің өмір жолы мен шығармашылығы жайлы тың деректер алды;
- Кітап оқудың заманауи әдістері мен электронды ресурстардың мүмкіндіктерін білді.

Әсіресе жазушының тарихи романдары оқушыларға үлкен ой салып, әдебиетке деген қызығушылықтарын арттырды. Кітапхана қызметкерлері ұйымдастырған қызықты экскурсиядан кейін 10 “А” сынып оқушылары жаңа әсерге бөленіп қайтты.

Бұл іс-шара жас ұрпақтың рухани дүниесін байытып қана қоймай, олардың кітапқа, білімге және ізденіске деген құштарлығын арттырады. Сынып жетекшісі: Сасаева А.Ф

https://www.instagram.com/p/DO_cL1YiCKj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

37. 24.09.25. Сайлау күні. №8 ЖОББМ - де Мектеп Президентіне дауыс беру өтті. Дауыс беруіге 8-11 сынып оқушылары, мұғалімдер, қызметкерлер және ата аналар қатысты.

https://www.instagram.com/reel/DO_dEzmiATJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

38. Кітапханада «Еңбек адамына құрмет» тақырыбында фотокөрме ұйымдастырылды. Жұмысшы мамандықтары жылына және атаулы Халықаралық қарттар күніне арналған көрме барлық мамандық иелеріне құрмет көрсетуді және еңбек ардагерлерін ұмытпауға мақсат етеді.

https://www.instagram.com/p/DPA4pxTCDXk/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

39. Біздің өміріміздің бір күні, бейнеролик жасады.

https://www.instagram.com/reel/DPD9dzXiJ1D/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

40. 2 А сыныбында ҚР Оқу-ағарту министрі балалардың құқығын қорғау мақсатында жаңа оқу жылын алаяқтардан сақ болу жолдарын ескертуде жиналыс өтілді.

https://www.instagram.com/p/DPEI5k4CJ1y/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

41. Ақмола облысының білім басқармасы құзырлы мемлекеттік органдар мен кәмелетке толмағандар мен жастар арасында және оларға қатысты құқықбұзушылықтардың алдын алу, құқықтық мәдениетті арттыру және өскелең ұрпақтың құқықтық санасын қалыптастыру мақсатында 9-11 сынып арасында “Құқықтық сағат” өтті.

https://www.instagram.com/p/DPFAcQ9CKS5/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

42. Биылғы оқу жылында мектебімізде тағы бір мағыналы іс-шара – Атбасар қаласының 180 жылдығына арналған “Денсаулық күні” фестивалі өтті. Іс-шараның басты мақсаты – оқушылар арасында дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау және әр баланың өз денсаулығының құндылығын түсінуіне жол ашу.

Фестиваль аясында түрлі спорттық және сауықтыру шаралары ұйымдастырылды. Атап айтқанда:

Эстафеталық жарыстар

Козғалмалы ойындар

Ұлттық ойын түрлері: “Асық ату”, “Тоғызқұмалақ”

Командалық ойындар: футбол мен волейбол

Ауа райының қолайсыздығына қарамастан, оқушылар белсенділік танытып, жоғары ынтымақтасты. Бұл олардың денсаулыққа деген жауапкершілігін, бір-біріне деген қолдауын және спортқа деген қызығушылықтарын көрсетті. Мұндай шаралар оқушылардың тек физикалық дамуына ғана емес, сонымен қатар ұжыммен жұмыс істеу, тәртіп, төзімділік секілді қасиеттерін қалыптастыруға да ықпал етеді.

https://www.instagram.com/p/DPGJt0jCIkL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

43. 29-қыркүйек күні “Қария елдің тірегі, ұрпақтың жүрегі” тақырыбында сынып сағаты мен “Электр тогының қауіпі” қауіпсіздік сабағы өткізілді. Сынып жетекшісі: Батаузова А.Д.

https://www.instagram.com/p/DPLJaqCF2Z/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

44. 29 қыркүйек күні 6 “А” сыныбында “Қария - елдің тірегі, ұрпақтың жүрегі” сынып сағаты және “Электр қауіпсіздігі” қауіпсіздік сабағы өтті. “Қария – елдің тірегі, ұрпақтың жүрегі” атты сынып сағатында оқушыларға ата-әжелерді құрметтеу, олардың өмірлік тәжірибесі мен ақыл-кеңестерінің ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы түсіндірілді. Сабақ барысында халықтың салт-дәстүрлері мен ұлттық құндылықтар жайлы айтылып, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер қолданылды. Оқушылар қарияларға арнап өлеңдер оқып, тағылымды әңгімелер тыңдады. Сынып сағатының мақсаты – жас ұрпақты үлкенге ізетпен қарауға, отбасылық құндылықтарды қастерлеуге тәрбиелеу болды.

https://www.instagram.com/p/DPLJQgViOL3/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

45. Қаламыздың 180 жылдығына орай «0 «А» сыныбы балаларымен бірге туған қаламыз – Атбасар туралы қызықты викторина өткіздік! Балалар сұрақтарға жауап беріп, өз қаласын жақсы көретіндерін көрсетті. Тәрбиеші: Берденбек Акбота

https://www.instagram.com/reel/DPLopm9iPNS/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

46. Бүгін 2ә сыныбында “Сақ бол,тоқ көзі қауіпті!” атты сынып сағаты өтті.

https://www.instagram.com/p/DPMIuZ0iA8V/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

47. Ақырын жүріп, анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға,

– деген Абай атамыздың өлең шумақтарын білмейтін оқушы жоқ шығар. Шынында да ұстаздық – дүниедегі барлық мамандықтың төресі. Ұстаздар мерекесіне арналған апталықта “Ең, ең.....ұстаз” атты кішігірім балалар арасында ойын болды. Өр баланың өзінің ішкі сезімі мен ұстазды қабылдауына байланысты, “Ең,ең.....ұстаздарды” білдік. Ойын қызықты, эмоцияға толы болды.

https://www.instagram.com/reel/DPN6VkJiGqJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

48. Муратов Нуржан Бауыржанұлы – КГУ «ЦАРМО» УДР Акмола облысы мекемесінің басшысының орынбасары 8-11 сыныптар арасында «Жат ағымдардың жастарға кері әсері» тақырыбында лекция оқыды. Лекцияның мақсаты: Оқушылар арасында жат діни ағымдардың зиянды әсерлері туралы түсінік қалыптастыру, олардың деструктивті идеяларынан сақтандыру және ұлттық рухани құндылықтарды дәріптеу арқылы жастардың діни сауаттылығын арттыру. Муратов Н.Б. 8–11 сынып оқушыларымен кездесу барысында қазіргі қоғамда кездесетін радикалды және деструктивті діни ағымдардың белгілерін, олардың жастарды арбау жолдарын және оларға қарсы тұру тетіктерін түсіндірді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы діни еркіндік пен заңнама, дәстүрлі ислам

мен жат ағымдардың айырмашылықтары туралы кеңінен мәлімет берілді. Оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар беріліп, өз пікірлерін еркін білдіруге мүмкіндік жасалды. Іс-шара жастардың діни сауатын арттыруға, сыни ойлау қабілетін дамытуға және жат идеологиялардан қорғана білуге бағытталды.

https://www.instagram.com/p/DPOBXqbiEF0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

49. Әр сейсенбі күні сабақтарымыз әдеттегідей таңғы жаттығулардан басталады. 1-4 сынып оқушылары белсенді қатысты.

https://www.instagram.com/reel/DPPCncsiIB1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

50. Құрметті ұстаздар!

Сіздерді келе жатқан төл мерекелеріңіз – "Ұстаздар күнімен" шын жүректен құттықтаймыз!

Саналы ғұмырын бала тәрбиесіне арнаған, жүрегі мейірім мен білімге толы ұстаздар қауымы – қоғамның ең ардақты, ең асыл жандары. Сіздердің ерен еңбектеріңіздің арқасында талай шәкірт өмір жолын тауып, еліміздің дамуына өз үлесін қосуда.

Білім нәрімен сусындатып қана қоймай, тәлім мен тәрбиені қатар сіңіре білген Сіздерге алғысымыз шексіз. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіз бен сабырлы мінездеріңіз – әрдайым үлгі.

Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шәкірттеріңіздің құрметі мен махаббатына бөлене беруіңізді тілейміз! Мереке құтты болсын!

https://www.instagram.com/p/DPPDaWciPOv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

51. Бүгін мектебімізде салтанатты линейка өтті. Оқушылар сап түзеп, мемлекеттік Әнұран орындалып, ұстаздарымыз бен оқушыларымыз жақсы көңіл-күйде жиналды. Бұл шара – тәртіп пен бірліктің, мектеп рухының айқын көрінісі болды.

https://www.instagram.com/p/DPQVbzJiEg2/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

52. Атбасар қаласының 180 жылдығына орай №8 ЖОББМ кітапханасында қала және оның тарихи құндылықтары туралы білімдерін насихаттау мақсатында көрме ұйымдастырылды. Көрмеге І.Есенберлиннің шығармалары мен «Атбасарлар мен атбасарлықтар», «Ақмола облысының тарихи-мәдени мұрасы», «Қазақстан – спортшылар елі» сияқты энциклопедиялар қойылды.

https://www.instagram.com/p/DPQicW0CEHn/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

53. Бүгін бастауыш сыныптарында "Спорт күні" өтті. Параллель сыныптар арасында "Көңілді старт" шахмат, шашка ойындары өткізілді. Уақытты қызықты және пайдалы өткіздік.

https://www.instagram.com/p/DPRbQ5uiPXp/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

54. Атбасар қаласына – 180 жыл!

Біздің сүйікті қаламыздың мерейтойына орай

5 "А" сыныбы атынан жүрекжарды құттықтауымызды жолдаймыз!

Атбасар – тарихы терең, болашағы жарқын қала.

Әрқашан гүлденіп, өркендей берсін!

Атбасар – біздің мақтанышымыз!

https://www.instagram.com/reel/DPRrxgNCI3U/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

55. Бүгін, 2 қазан күні, мұғалімдер күні мерекесі қарсаңында мектепте «Сөз додасы» дебаттық клубының кезекті турнирі өткізілді. Іс-шараға белсенді оқушылар қатысып, өз ойларын еркін жеткізіп, пікірталас мәдениетін көрсетті. Турнир оқушылардың шешендік қабілетін, сыни тұрғыдан ойлауын дамытуды көздеді. Жеңімпаздар арнайы марапатталды.

https://www.instagram.com/reel/DPTt_ZGCJUH/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

56. Мектебімізге 11 сынып оқушыларымен тестілеу орталығының директоры Мейрамова Гүлнар Бекмурзинқызы ҰБТ бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

https://www.instagram.com/p/DPTuKsrCErV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

57. Бүгін, 2025 жылдың 2 қазанында «Таза Қазақстан» акциясы аясында №8 ЖББОМ елді мекенінде жалпықалалық сенбілік өтті. Мектеп ұжымы бекітілген көшедегі аумақты тазалауға белсене қатысты.

https://www.instagram.com/p/DPUO4YMiMDI/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

58. √8 ЖОББМ-де «Дублер күні» жоғары деңгейде өтті

03 қазан 2025 жылы √8 Жалпы орта білім беретін мектебінде дәстүрлі «Дублер күні» ұйымдастырылды. Бұл күн ерекше форматта өтіп, 10-11 сынып оқушылары мектеп өміріне белсенді араласып, мұғалімдер мен әкімшілік құрамының орнын алмастырды.

- Мектеп директорының рөлін — 11-сынып оқушысы М. Дауылбаева,
- Оқу ісінің меңгерушісін — 11-сынып оқушысы Ш. Асаубай,
- Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарды — 10-сынып оқушысы Д. Казиханов атқарды.

Сонымен қатар, пән мұғалімдерінің орнын да оқушылар басып, сабақтарды өздері жүргізді. «Жас мұғалімдер» сабақтарын үлкен жауапкершілікпен өткізіп, ұйымдастырушылық қабілеттерін, білімдерін және шығармашылықтарын көрсете білді. Сабақтардан кейін мектеп ішінде мерекелік концерт ұйымдастырылды. Концертте оқушылар өз өнерлерін ортаға салып, ән айтып, би билеп, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

«Дублер күні» — оқушыларға ұстаз еңбегінің маңызын түсінуге, жауапкершілікті сезінуге, әрі болашақ мамандық тандауға бағыт беретін маңызды шара. Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, барлық қатысушыларға ерекше әсер қалдырды.

https://www.instagram.com/reel/DPY13noCN_B/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

59. Сынып сағатының тақырыбы “Цифрлық қауіпсіздік”

Сабактың мақсаты: Оқушыларға интернеттің пайдасы мен зияны туралы түсінік беру.

Интернеттегі қауіпсіздік ережелерін үйрету. Жауапкершілікпен интернетті пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

https://www.instagram.com/p/DPdRtioiH1h/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

60. Бүгін біздің мектепте экологиялық бағыттағы «Жас эколог» үйірмесінің кезекті отырысы өтті.

Оқушылар экологиялық мәдениетті қалыптастыру, табиғатты аялау және қоршаған ортаны қорғау жолдары туралы өз ойларымен бөлісті. Осы тұста 9 сынып оқушылары Кәкім Сабина және Өмірбек Мадина «Экология және нормативтер» атты баяндама оқыды.

Оқушылар қоршаған ортаны қорғау саласында қабылданған заңдар мен ережелердің маңызын талқылады.

Сабак барысында біз мыналарды қарастырдық:

Экологиялық нормативтердің түрлері (ауа, су, топырақ сапасы, шу деңгейі және т.б.);

Ластану деңгейін реттейтін санитарлық нормалар;

Қазақстан Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңының негізгі баптары;

Табиғатты пайдалану мәдениеті мен жеке жауапкершілік.

Әр жас эколог табиғатқа жанашыр көзқарас қалыптастырып, өз үлесін қосуға дайын!

Біздің мақсатымыз — табиғатты қорғау арқылы болашақты сақтау!

https://www.instagram.com/p/DPjMUuciOpR/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

61. 2025 жылдың 8 қазанында АМУ-де бірінші сынып оқушыларына арналған мерекелік шара өтті. Аталған іс-шарада біздің мектептен жүргізуші ретінде 11А - сынып оқушысы Асаубай Шыңғысхан мен 10 А сынып Азаматқызы Мадина қатысып, мерекенің жоғары деңгейде өтуіне өз үлестерін қосты. Мектебіміз атынан музыкалық нөмір ұсынылып, оны 6 “А” Алибекова Альмира, Азаматқызы Томирис, Альжанова Надина, Байжан Меруерт, Бұғыбай Мөлдір, Саятлекова Диана, Темиргалиева Мадина, Қайратқызы Айзере, Мауленова Сабина, Алимова Балнур, Идрисова Арайлым, Қайратқызы Айзере, Мауленова Сабина, Муратова Дильназ, Рыскельдина Жанель сыныптарының қыздары орындады. Олар көрермендерге ерекше көңіл-күй сыйлап, өз өнерлерімен тәнті етті. “Бірінші сыныпқа арнау” атты бұл мерекелік шара өте жағымды атмосферада өтті. Балалар ойындар ойнап, ән айтып, би билеп, түрлі жұмбақтар шешіп, белсенді қатысқандары байқалды. Іс-шара балалар үшін есте қаларлық қызықты да, көңілді сәттерге толы болды.

https://www.instagram.com/p/DPk7ajhiKKm/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

62. Биыл акын Иса Байзақовтың туғанына 125 жыл толып отыр. Ақпарат үшін, 10-сынып оқушылары кітапханада теледидардан акынның өмірбаянын тыңдады, онын мақсаты қазақ акыны туралы білу

https://www.instagram.com/p/DPk8JYgiLO3/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

63. Мектепшілік бейсенбілікте 9 "А" сынып оқушылары өздеріне берілген аумақта тазартты

Мақсаты оқушыларды еңбекке, тазалыққа үйрету.

https://www.instagram.com/p/DPIT7jGiJLf/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

64. 2025 жылғы 9 қазанда мектебімізде Атбасар ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері оқушылармен өрт қауіпсіздігіне байланысты жаттығу жұмыстарын өткізді.

Іс-шараға төмендегі мамандар қатысты:

- Аға инженер Габдуллин Алишер Маратұлы,
- Инженер Әлкеш Нұржан Бейбітұлы,
- Аға анықтаушы Аманжолов Әділ Әлібекұлы.

